

**Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 241 "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 318 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 мамырда № 4509 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 637 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 08.11.2021 № 637 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Маңғыстау ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 241 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3121 болып тіркелген, 2016 жылы 15 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М.Оразалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау ауданының әкімі*

*Т. Кушмаганбетов*

Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 318 қаулысына қосымша  
Маңғыстау ауданы әкімдігінің

**Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квоталардың мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1	Маңғыстау ауданы әкімдігінің "Маңғыстау жылу, су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	58	5	3
2	Маңғыстау аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Өрлеу" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	170	5	9
3	Маңғыстау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Дария" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	130	5	7
Барлығы				19